

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы 2025 жылғы қызмет туралы есеп

1. Жалпыережелер

1) Қызмет көрсетушілер туралы мәліметтер: «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің Зеленое ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Зеленое ауылы, Юбилейная көшесі 21

2) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:

«Зеленое ауылының ЖОББМ» КММ-де білім беру саласында 10 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

2025 жылы «Зеленое ауылының ЖОББМ» КММ 43 қызмет көрсетті:

- электрондық үкімет порталы арқылы - 17 мемлекеттік қызмет;

- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы - 0 мемлекеттік қызмет;

- көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы - 15 мемлекеттік қызмет;

- көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы электрондық түрде - 11 мемлекеттік қызмет.

3) *Негұрлым сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:*

Білім беру саласындағы негұрлым сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттар қабылдау»;

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау».

2. *Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс:*

1) *Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер:*

Көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат ресми интернет - ресурсында <https://sc0009.astrahanka.aqtoedu.kz/news/open/id-15582292> «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Сондай-ақ, ақпараттық стендтерде мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен ережелері орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді.

2) *Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және басқалар).*

«Зеленое ауылының ЖОББМ «КММ-де мемлекеттік қызмет көрсету бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен және қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген 3 қызметкер мемлекеттік қызмет көрсетеді.

2025 жылы «Зеленое ауылының ЖОББМ» КММ 11 түсіндіру іс-шарасын өткізді, оның ішінде ресми интернет-беттерінде 6 жарияланым, 5 тікелей эфир.

Ай сайынғы негізде көрсетілетін қызметті берушілердің БАҚ, интернет-ресурстары арқылы мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәртібі туралы халықты хабардар ету бойынша жұмыс жүргізіледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі қызмет.

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

Сыбайлас жемқорлық қатерлерін азайту және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында облыстағы барлық мектепке дейінгі, орта, арнайы білім беру ұйымдары бірыңғай ақпараттық жүйеле жұмыс істейді Akmol.kz. Жүйеде 1 автоматтандырылған мемлекеттік қызмет іске асырылады.

Сонымен қатар, 2022 жылдан бастап барлық білім беру ұйымдарында ҚР БҒМ БМ АЖО Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жүйесі жұмыс істейді, онда 5 мемлекеттік қызмет қолжетімді.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау.

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.

2025 жылы мемлекеттік қызмет көрсету туралы шағым түскен жоқ.

5, Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттануын арттыру және одан әрі тиімділік перспективалары. Көрсетілетін қызметті алушылардың тиімділігі мен қанағаттанушылығын арттыру мақсатында мынадай міндеттер қойылған:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң сақтау;
- мемлекеттік қызмет көрсету ережелерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- электрондық үкімет порталы арқылы өтініштер үлесін арттыру;
- қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

Мектеп директорының м.а.:



Ж.Қабдулина

Орындаушы: Р. Кривенко

Тел.: 26964